

Б

ердалы атадан
азарлык



Авторы: Бердалы Рысбеков

«Бердалы атадан базарлық» балаларға арналған ертегілер мен әңгімелер
- Шымкент: «Шың» Баспаханасы, 2023. – 20 б.

Бердалы Рысбековтің «Ақ көбелек» жинағына балаларға арналған ертегілер мен әңгімелер топтастырылған. Ертегілер мазмұны жағынан жас өскінді қайырымдылыққа, отансүйгіштікке, отбасын қадірлеуге, адалдық секілді ізгі қасиеттерге үндейді. Автор баланың танымына сай өрбитін оқиғалар арқылы тәрбие құндылықтарын дарытуды көздейді. Ертегілер ерте замандағы салт-дәстүрлер, тәрбие әдістері және баланың ой-өрістерін дамытатын қасиеттерді өз кейіпкерлерінде сақтаған. Кітап мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына арналған.



ШЫҢ
БАСПАХАНАСЫ

**БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
ЕРТЕГІЛЕР МЕН ӘҢГІМЕЛЕР**



***Бердалы РЫСБЕКОВ.
Түркістан облысы, Келес ауданы.***

Емші Тасбақа

Қарт Тасбақаның емшілік қасиеті бар еді. Өйткені ертелі-кеш қорек ететіні неше түрлі шөп пен гүлдер болғандықтан, әрбір өсімдіктің қандай қасиеті барын жақсы білетін. Бір күні алдына жер бауырлап Саршұнақ келді.

– Өліп барам, емші аға. Жәрдем бер – деді.

– Не ауру? – деді Тасбақа.

– Білмеймін, ет-қызуым көтеріліп, қозғалудан қалып барам. Жүруге әл-қуатым қалмады – деді Саршұнақ жыламсырап.

– Мына шөпті шайнап, жұт – деді Тасбақа, бір-екі тал жаңа жұлған әлдебір шөпті беріп, – Үш күн ішсең айығып та кетерсің.

Үш күннен соң әл-қуатқа кірген Саршұнақ келіп рахметін жаудырды.

Біреу күнен соң Тасбақаның алдына бір бозторғай топ етіп құлап түсті. Екі иінінен дем алып әзер жатқан бозторғайға;

– Не болды, бауырым? Мазаң жоқ па? – деді Тасбақа.

– Иә, өліп барам. Азай-беденім қақсап, дем жетпей, тұншығып өлер болдым. Білмеймін не істерімді.

– Онда сен мына шөпті шайнап көрші – деді Тасбақа оғанда әлдеқандай біреу тал шөп сабақтарын көрсетіп. – Сәтін салса біреу күннен соң сауығып



кетесін.

Үш күннен соң Тасбақа бозторғайдың таңғы шырылынан оялды. Көзін ашып қараса, Бозторғай дәл төбесінде тұрып-ап шырылдап тұр.

–Саған көп рахмет, Тасбақа аға. Мен бұл жақсылығыңды ешқашан ұмытпаспын – деп тұр.

Бүгін емші Тасбақа ыңылдап өлеңін айтып келе жатқан еді. Ойда-жоқта бір аш Түлкі тап болды да келе тілін жаланып тұмсығын соза бастағаннан Тасбақа да тас қабыршақ ішіне бұға қалды. Сол-ақ екен сұм Түлкі тас қабыршаққа қарш-қарш тіс салды. Бірақ қанша жемек боп тырысқанмен тас қабыршаққа тісі өтпеді.

–Бәрібір бір кезде өзің-ақ шығасың деген Түлкі тасбақаны аяғымен аунатып, шалқасынан түсірді. Оның бұл қулық ойын сезген Тасбақа да тас қабыршақ ішінде тырс етпей жатып алды. Ақыры күте-күте шыдамы таусылған Түлкі тасбақаны сол күйде қалдырып өз жөніне кетті.

Тасбақа сол жатқаннан мол жатты. Түстікке таянған күн жалын атып қатты ыси бастады. Күн аптабы қуырған байғұс Тасбақаның тамағы құрғап, шөл қысты. Қайта оңғарылмақ боп ары-бері тырбанған еді, аударыла алмады. Амалсыз, – Кім бар? Көмек беріңдер! – деп айқай салды.

Анадайда құмалақ домалатқан қара Қоңыз өтіп барады екен, сол аялдап, тасбақаға бұрылды.

– Ойбай көке, не болды? Неге бұлай күн астында шалқаңыздан түсіп жатырсыз? – деді.

– Бір сұм түлкі мені жемекші боп ары-бері аунатты да, осылай тастап кетті.

– Жарайды, әрекет етіп көрейін – деген Қоңыз тасбақаны бүйірінен төрт аяқтап ары итерді, бері итерді. Бірақ зілдей ауыр денені қозғатуға шамасы жетпеді. Ақыры; – Ренжімеңіз көке, менің шамам келер емес – деді де құмалағын домалатып өз жөніне кете барды.

–Қап! Енді не істедім? – деді ызаланған Тасбақа одан сайын қапаланып.

Кенет айналаның бәрі тасыр-тұсырға бөленіп бір топ қой келді. Бірақ олар Тасбақаның жанайқайына пысқырып та қарамай баса-көктеп өте берді. Қой артында кәрі қойшы бар екен. Ашық жерде тырбандап шалқасынан жатқан тасбақаны көрді де қасына кеп таяғына сүйеніп тұра қалды.

– Жәрдем бере көр! – деп дауыстады Тасбақа.

– Не болды? Сені қойлар аударып кетті ме? – деді Қойшы.

– Жоқ, мені жемекші боп мана бір сұм түлкі аударып кетті.

– Әй зәлім -ай! – деді қарт Қойшы. – Күн азабын сені мен меннен артық кім білсін. Сәл болмағанда қаталап та өлетін болыпсың, – деп Тасбақаны аударып жерге қойды.

– Уф! Рахмет, саған адам! – деді, төрт аяғы жерге тиген Тасбақа қуанып.

– Маған жасаған жақсылығың құдайдан қайтсын.

– Рахмет айтатын түгі жоқ, – деді қарт Қойшы. – Мына күн шыжғырған

жапан түзде сенімен мен бір-бірімізге көмек бермесек, бізге көмекті кім береді.

– Сенде де бір ауыр қайғы бар секілді, – деді Тасбақа қарт қойшының қыртыс-қыртыс тозыңқы түріне қарап. Ол не уайым?

– Уайым-қайғысыз пенде бар ма? – деді Қойшы. – Жан дегенде жалғыз баламыз бар еді, сол бала он жыл болды екі аяғынан сал болып, төсектен тұра алмайды. Бізді сансыратып жүрген сол қайғы.

– Сал ауруы дейсің бе? – деді Тасбақа ойланып: – сен ертең түс қайта осы жерге кел. Мен саған дәрілік бір шөп берейін. Меніңше балаңа соның пайдасы тиіп қалар.

– Шын айтасың ба? – деді қарт Қойшы.

– Шын айтам.

– Жарайды, келемін! – деді Қойшы қатты қуанып.

Ертесіне қойшы дәл келіскен уақытында әлгі төбеге келіп тасбақаны тосты.

Көп ұзамай қалың шөп арасынан аузында бір уыс шөбі бар Тасбақа да көрінді.

– Мә, мына шөпті апарып, суға қайнатып, суын балаңа ішкіз, – деді Тасбақа. Құдай жолын берсе бір айдан кейін балаң сауығып кетеді.

– Сен мұның дәрулік шөп екенін қайдан білесің? – деді Қойшы.

– Білемін, – деді Тасбақа. – Біздің ертелі-кеш қорек ететініміз тек қана шөп. Сондықтан қандай шөптің нендей қасиеті барын біз жақсы білеміз. Мұндай шөп анау көрініп тұрған жазық беткейде көп, барып өзің қалағаныңша теріп ал.

Қуанған қойшы «рахметін» айтып сол төбеге тез жеткенше асықты.

Бір айдан соң, шынымен-ақ, қойшы баласы сауығып, аяғына тұрып жүріп кетті. Бұған жүрегі жарыла қуанған Қойшы әлгі төбеге тағы келді. Бірақ тасбақаны таппады.

– Рахмет, саған тасбақа! – деді Қойшы, сол-ақ екен, жан-жағына қарап айқайлап. – Мың жаса! Құдай саған да ұзақ, қызықты өмір берсін!.

Тасбақаның бұл жүрекжарды алғысты есіткен есітпегенін кім білсін, бірақ айналадағы аққурай мен гүлқайырлар:

– Біз есіттік, ақсақал. Сәлеміңізді Тасбақаға біз жетіземіз, – деді бәрі бір кісідей бас шұлғып.

Көпір

Ауыл шетіндегі шағын өзенге үлкендер көпір салды.

– О, көпіріміз жақсы шықты, жақсы болды! — деп шуласты ауыл адамдары біткен көпірді айнала тамашалап.

– Ал көпір, енді адамдарға қалтқысыз қызмет ете бер!, — деді Әбіш ұста ара-балтасын үлкен қара сөмкеге нығарлап жайлап жатып.

–Рахмет! — деп көпір сыбырлады. Бірақ оның даусын адамдар неге де есіткен жоқ.


Бірінші боп көпірге балалар келді.

–Ой, қандай әдемі көпір? — деді олар тақтай көпір үстінде әрі-бері шапқылап. — Рахат! Мына жерден суға секіріп ойнауға да болады екен.

Оған көпір масаттанып дір-р сілкініп бірдеңе айтпақ еді, оны онсыз да мәз боп жүрген балалар құлағына ілер болмады.

Аздан соң ат мінген екі жолаушы келді. — Бәрекелде-е, ел болған соң осындай болу керек! — деді жолаушылар. — Ынтымағы жарасқан ел екен, жап-жақсы көпір салыпты.

Аттар тастай тұяғымен тақтайды тарс-тұрс ұрып ә демей-ақ өте шықты. Ал көпір олардың зілдей салмағын көрдім де демей былқ етпестен тұра берді. Көп ұзамай есек мінген қарт келді. Тарсылдаған өз тұяғынан өзі үріккен



есек аяғын санап басады. Шу-шулеген қарт көпірден өтіп, арқасына қарап тұрып; – Рахмет, саған көпір! – деді. – Бұрын мына жаман есекті кешуге сап, су жалдатып қор болушы ек. Жақсы болды.

–Рахметті маған емес, мына елге, анау Әбіш ұстаға айтыңыз, – деп айқайлады көпір. – Мені салған солар.

Бірақ оны құлағының мүкісі бар қарт қайдан естісін. – Иә, айналайын жастар аман болсын, мына ел -жұртым аман болсын! – деп екі бетін сипап, бата жасады да, есегін ықы-ықылап кете барды.

Бұған марқая түскен көпір тағы да дір-р сілкініп, тағы да бірдеңе деп айқайлағысы келіп еді, бірақ оны бәрібір ешкім естімейтінін ойлап қоя қойды.

Сол-ақ екен, кенет оның өн бойын бір көңілсіздік басты.

–Мені неге ешкім естімейді? – деді көпір қатты мұңайып. – Мені неге ешкім естігісі келмейді ә!.

Сол ақ екен: – Қапа болма!, мен сені манадан бері естіп тұрмын, – деді анадайда тұрған кәрі терек. Сен мұңайма! Сен өте бақыттысың көпір. Өне өткендердің бәрі саған риза!

– Мен бақыттымын ба? – деді көпір оны қайталап.

–Әрине бақыттысың! – деді кәрі терек, – түсіне білген жанға ел-жұрттың алғысын алғаннан артық бақыт бола ма?

Борсық пен үйрек

Үлкен көл жағасындағы биік беткейдің бір тұсын Ата борсық мекендейтін. Ол бүгін ұясына құлап бара жатқан Күн шапағына қарап отырып, іннің алдында балаларымен кешкі тамағын ішіп отырған. Кенет көктен жан даусы шыға қақылдап бір үйрек бұлардың тура алдына топ етіп түсті де, бүк түсіп жата қалды. Сол-ақ екен төбеден суылдаған дыбыс шықты. Ата борсық төбеге жалт қарап еді, томашадай бір қырғи тас-түйін боп сорғалап келеді екен. Ата борсық тісін сақ-сақ ұрып, айбат қып тұра қалды. Мұны көрген қырғи бата алмай, «шаңқ» етті де жалт бұрылып кете барды.

– Бауырым, не болды? – деді борсық әлі де дір-дір етіп, зәресі ұшып отырған үйрекке.

– Өзің де көрдің ғой, – деді Үйрек қалш-қалш етіп, – сұм қырғи сәл болмағанда мені опат қылмақшы еді. Рахмет саған!

– Иә, іліп әкетуге шақ қалды ғой. Бірақ қорықпа. Ол енді мұнда келмейді. Кел, бізбен бірге отырып тамақ іш, – деді Ата борсық, алдарында жеп отырған дәм-тұзына шақырып.

– Рахмет! – деді Үйрек. – Мен жүрегім суылдап қорқып тұрмын. Қазір ештеңе де жей алмаймын. Рұхсат етсеңдер, мен енді ұяма қайтайын. Балаларым іздеп қалар.

– Иә, мұндайда рұхсат демегенде не дейміз. Уақыт тауып келіп тұр. Әңгіме қыламыз, – деді Ата борсық.

«Рахметін» айтқан Ана Үйрек өз балаларына ұшып кетті.

Екі күннен кейін Ана үйрек борсық ініне тағы келді. Борсықты балаларымен бірге қонаққа шақыратынын айтты.

– Жарайды, – деген Ата борсық, сол күні балаларын ертіп көлге келді. Үйректің айтқан жеріндегі ұясын да тез тапты. Қалың қамыс тоғайының іші екен. Үйрек байғұс барын салып күтініпті. Су бетіне дастархан етіп қалқыма түйе жапырақтарды жайып, оның үстін неше түрлі дәм-тұзбен толтырыпты. Су асты шаяндары мен балдырлары дейсіз бе? Неше түрлі шөп тамырлары мен жемістері дейсіз бе, бәрі бар.

– Қош келдіңіздер! – деп Үйрек күтіп алды. Дастарханға шақырып, өз балаларын борсық балаларымен таныстырып, лезде бәрі шұғырласып мәресәре болысты.

– Қане, қонақтар, дастарқандағы дәмге қараңыздар. Сіздердің не сүйіп жейтіңдеріңізді білмедік. Кемшілік болса, кешіріңіздер, – деп Үйрек ұялған болып жатыр.

– Қысылатын ештеңе жоқ! – деді Ата борсық. – Бәрі жақсы. Ал біз нені сүйіп жейтінімізді мен қазір көрсетейін, – деді де су астына сүңгіп кетіп, лезде бір бума тәтті қамыс борықтарын алып шықты.

– Біздің балалар осыны жақсы көреді.

Бұған борсық балалары мәз болып тәтті борыққа таласа жармасты. Тамақтан соң борсық балалары мен үйрек балапандары қосылып қызықты ойынға кірісті. Үйрек балапандары бірде қатар түзіп, бірде су сабалап бірін-бірі қуысып, су бетінде неше түрлі өрнек сызып билейді екен. Борсық балалары да олардан қалыспай суда жақсы жүзетін болып шықты. Суға сүңгіп ана тұстан бір, мына тұстан бір шығып олар да мәз. Енді бірде үйрек балапандары қанаттарымен су сабалап борсық балапандарына су шашып қаша жөнеледі, ал борсық балалары су астына шым-шым сүңгіп кетіп, үйрек балапандарының қарсы алдынан бірақ шығады. Шу-шу еткен үйрек балапандары борсық балапандарын тағыда суға көміп, жалтара кері қашады.

Бұларды сырттай қызықтаған Ата борсық пен Ана үйрек бір кезде:

– Ал, балалар жетер енді. Енді бізге ән салыңдар. Біздің ән тындағымыз келіп отыр, – деді.

– Ән дейсіз бе? – деді үйрек балапандары. – Біз ән айтқанды сондай жақсы көреміз.

Сөйтіп қатар тұрып ап, «пип-пип!, пип-пип!» деп сырнайлатып неше түрлі ғажап бір әуендерге басты деңіз. Оған борсық балалары да қарап тұрмай әр жерінде «ге-ге!» «гук-гук!» деп өз әлдерінше қосылған болады.

Кенет: – Жаса, балапандар!. Жасасын әнші балдырғандар! – деген қарлығыңқы дауыс шықты.

Ата борсық жалт қарап еді, мұны айтып тұрған кәрі Ата қаз екен. Ал айнала болса әнші балапандарды тамашалап, қол соғып тұрған үйрек-қаздарға толып кетіпті...

– Жасасын, өнерлі жастарымыз!. Су үстінің бейбіт өмірі жасасын!, – деді тағы біреу.

Мұны естіп Ата борсық шыдап тұра алмады.

– Жасасын, аң-кұстардың бірлігі! Балаларымыздың шатты күлкісі бұзылмасын!. Осындай шуақты күндеріміз көп болсын ағайын! – деп айқай салды.

Сол ақ екен, – Жасасын, ұлы достық! Бейбіт өмір! – деп шуласа

жамырасқан тұрғындардың зор дауысы көл үстін тербетіп жіберді. Бұған марқая түскен Ата борсық бір сәт ойланып тұрды да, – Ал, енді біз қайтамыз, қонақ етіп шақырғаныңа рахмет! – деді Ана үйрекке. – Күн кешкіріп қалыпты. Тұрағымызға жетіп алайық.

– Иә, амандықпен жүздесейік. Көрдіңіздер ғой, келіп тұрыңыздар! – деді Ана үйрек.

– Жоқ, ендігі кезек сіздердікі, сіздер барыңыздар.

– Жарайды, бұйрық болса барармыз! – деді Ана үйрек. – Сау болыңыз.

– Иә, сау болыңдар. Қане, кеттік, балалар! – деген Ата борсық Ана үйректің қолын алып, артына қарай-қарай мекеніне қарап жол тартты.

Екі бала немесе қайырымдылық

Бір шал мен кемпірдің жалғыз баласы болған екен. Ол елгезек, ақылды, қайырымды боп өсіпті. Шал бір күні баласын шақырып алып:

– Балам, біз қартайдық – депті. – Енді біздің қолдан келер қайран жоқ. Шамаң келсе, дүние тауып, сен бізді асырасаң етті.

– Мақұл, әке, – дейді баласы. – Мен сіздерді асыраймын.

Сөйтеді де, баласы жолға қамданады. Дүние тауып келмекке тұу алысқа аттанбақ болады. «Анау жер-жаһанды алып жатқан құба шөлден асып, мұнартқан тауларға барсам, сонда ел болар. Соларға қызмет етіп, дүние тауып қайтармын» деп ойлайды.

Сөйтіп, бір күні жол қапшығын арқалап, бала жолға шығады. Сол жүргеннен, қыбыр еткен тіршілігі жоқ құба шөлмен көп жүреді. Күн-түн демей жүре береді, жүре береді. Ақыры, әлденеше күн өткенде, әбден титықтап, кішкене бір сайға кеп тынықпақ болады. Сөйтіп, қапшығын қойып, тақырға қисая бергені сол еді.

– Ей, азамат! – деген дауысты естіп, селк етеді. Сөйтсе, сөйлеп жатқан кеуіп қалған бұлақтың ескі арнасы екен.

– Мен осындағы үп-үлкен айна бұлақ едім бір кезде, – дейді құрғақ арна. – Осы төңіректі гүл жайнатып, өткен-кеткеннің шөлін басушы едім. Жылдар өтті, мені топырақ пен шөп-шалам басып қалды. Құрып барам. Жолың болғыр, азамат, мені тазарта кет – дейді.

Бала орнынан тұрып, бұлақтың көзін арши бастайды. Таспен тырналап құмнан арылтады. Шөп-шаламнан тазартады. Сөйтіп, бұлақ көзі әбден тазарды-ау деген кезде барып, тынығуға жатады.

Ертесіне тұрса, бұлақ көзі ашылып, мөп-мөлдір салқын су жиналып қалыпты. Бала суға қанып, әрі қарай жүріп кетеді. Аптапты күнге, қараңғы түнге қарамай бірнеше күн жүреді. Ақыры, арып-ашып әбден болдырған кезде, айдалада тұрған бір алма ағашын көреді. Сол ағаштың саясына кеп дем алмақ болады. Сөйтсе, ағаш жартылай қурауға айналған екен. Баланың отыра бергені сол, кенет алма ағашы сөйлей бастайды;

– Ұлым, – дейді. – Егер қиналмасаң, маған су бер. Анау өзен арнасын меннен бұрып алып кеткелі, мен су көрмегелі қашан. Өліп барам.

–Мақұл, – дейді бала. – Мен қазір-ақ қандырамын сені.

Сөйтеді де, бақыршасын алып, өзенге жүгіреді. Жүгіріп отырып алмаға су әкеп құяды. Содан күн батқанша алмаға су тасумен болады. Ақыры, күн батып, алма әбден суға қанды-ау дегенде, жатып ұйықтайды.

Ертеңгісін тұрса, алма ағашы жайқалып, құлпырып тұр. Бала көңілденіп тағы да жолға шығады. Бір күн жүреді, екі күн жүреді. Ақыры, жүре-жүре бір биік таудың шегіне жетеді. Сөйтсе, сол таудың баурайында өлесі ат жатыр екен.

–Ей, азамат, бері бұрыла кет, – дейді ол. – Мен көптен ауырып жатырмын. Қозғалуға шамам жоқ. Әбен шөлдеп, қаталап біттім. Шөпке де жете алатын емеспін. Рақым етіп, маған су мен біраз шөп тастап кет.

Бала «мақұл» деп, өзеннен бақыршамен су әкеліп береді. Құшақ-құшақ шөп жұлып, аттың алдына қояды. Содан тағы да алға жол тартады. Тау сілемін кезіп ұзақ жүреді. Бірақ ешқандай ел кезікпейді. Енді не істедім деп жүрген кезде, бір күні алдынан жарқыраған жота көрінеді. Жақын барса, бұл алтын тау екен. Жер-жердің бәрі жайнап, жарқырап жатқан алтын кесектері. Бала алтынды көтергенінше қапшыққа сап кері қайтады. Ұзақ жүріп, ақыры, манағы ауру ат жатқан баурайға келеді. Келсе, ат шауып жүр. Ауруынан айығып, жер тарпып ойнақшиды. Баланы көріп:



–Рахмет саған, азамат! – дейді. – Сен мені ажалдан құтқардың. Менде енді саған бір жақсылық етейін. Мін арқама.

Бала алтынды өңгеріп, атқа қонады. Содан көп жол тартып, арып-ашып баяғы алма ағашына жетеді. Қараса, алма ағашы жайнап тұр. Бұталары толған хош иісті қып-қызыл алмалар.

–Балам, жақсылығыңды ұмытпаймын, қалағаныңша ал, же, – дейді Алма.

Бала жылқы екеуі алмаға қарық болады. Жолға да алады. Сонымен тағы да әлденеше күн жүріп, әбден сусадық дегенде, баяғы өзі аршыған бұлаққа жетеді. Қараса айналаның бәрі көк құрақ. Бұлақ айдын суға айналған. Мөлдіреп, тап-таза боп ағып жатыр. Бала рахаттана ішеді, жуынады. Көк құраққа атын жаяды. Мұнда да біраз тыныққан соң, бала тағы ел қайдасың деп атқа қонады. Ақыры, аман-есен еліне жетеді. Көп-көп алтын әкеледі. Ат қоштасып, мекеніне қайтып кетеді. Баланы көріп, ата-анасы қуанады. Алтынды көріп, елі қуанады. Алтынды елмен тең бөлісіп, ырысқа кенеледі.

Ал бірақ мұны іші тар, көрсе қызар бір көршісі көре алмайды. Ол да бір күні баласын азғырады. – Бар да сенде көп-көп алтын әкел! – дейді. Бірақ оның баласы жатып ішер жалқау, тілазар еді. Күн жүреді, түн жүреді. Шөлді басып, әлденеше күн жүрген соң, ол да құрғауға айналған бір бұлаққа кезігеді. Бұлақ:

– Ей, азамат. Мені арши кет, құрғап барам, – дейді.

–Құрғамақ түгілі, неге топырақ болып кетпейсің, – дейді жалқау сонда бұлаққа. – Өзім әбден болдырып тұрмын. Тынығуым керек.

Сөйтеді де ол жатып ұйықтайды.

Ол содан тағы да көп күн өткен соң, айдалада жалғыз өсіп тұрған алма ағашының саясына келеді.

– Ұлым, шөл қысып өліп тұрмын. Қиналмасаң анау өзеннен су құя кет – дейді ағаш.

–Өлмесең әдірем қал. Өзім аяғымды зорға сүйретіп кеп тұрмын, тынығуым керек, – деп қисая кетеді жалқау.

Тынығып, ертесіне ол тағы да жолға шығады. Араға әлденеше күн салып, жалқау ақыры тауға жетеді. Тау етегінде өлгелі жатқан атты көреді.

– Ей, қайырымды адам, мен ауырып қозғала алмай жатырмын, – дейді ат. – Маған су мен шөп беріп кет.

–Тапқан екенсің ақымақты, – дейді оған жалқау. – Жолсоқты боп өзім де өлгелі тұрмын, тынығуым керек.

Ол сөйтеді де біраз тынығып алып жолға шығады. Ақыры алтын тауды табады. Қапшығына толтырып көп-көп алтын салады. Онысын әрең көтеріп, кері қайтады. Бірнеше күн жүріп өліп-өшіп манағы ауру ат жатқан жерге келсе, ат өліп қалыпты.

–Қап, әттеген-ай, мынаның да өле қалуын қарашы, – деп, одан әрі жүреді. Бірақ алтынды көтере алмай, жарымын тастап кетеді.

Одан тағы да көп күн өтіп, азып-тозып аштан өлуге таяп, баяғы алма ағашына жетеді. Келсе алма ағашы қурап қалған. Қу бұталары сынып, айдалада шашылып жатыр.

– Қап, мына ағаштың да қурай қалғанын қарашы, ең болмса жапырағын сорып талшық ететін, – дейді жалқау. Ақыры, қапшығын көтеріп жүре алмайтын болған соң, бар алтынды сол жерге қалдырып, өзі тағы да алға ілбиді. Бірақ шөлден өту мүмкін емес. Ақыры, арада ай өтті-ау дегенде, еңбектеп, етпеттеп баяғы бұлаққа жетеді. Келсе, бұлақтың жұрнағы да қалмаған, шаңы шығып жатыр.

–Қап, қап! – деген жалқау сол жерде өкінішпен жан тапсырыпты. Сөйтіп, оның кержалқаулығы мен тілазарлығы өзінің түбіне жетіпті.

Құтыршак

Айшық мүйізді ала Сиырдың бұл бұзауы ерекше ерке, сүзеген болып өсті. Әліне қарамай үлкенге де, кішіге де тиісе берген соң жұрттың бәрі оны Құтыршак деп атады. Сол Құтыршак тез өсті. Бір жасқа жетер жетпес кәдімгідей жауырыны күжірейген апайтөс бұқашыққа айналды. Екі көзін алартып, пысқырынып, алдына жетіп барса қай-қай мықтыларыңның өзі тайсақтап қашатұғын болды.

– Қой Құтыршак, бұл тентектігіңді қой, ұят болады, – дейтін оған ала Сиыр еміреніп.

– Мен күштімін, апа. Менен бәрі қорқады, –дейді бұған Құтыршак масаттанып.

–Сенен де күштілер көп бұл әлемде...

Оған: – Менен күшті ешкім жоқ! – дейді Құтыршак одан сайын екілене



түсіп.

Бүгін кешқұрым малдар өрістен күндегіден ертелеу қайтып келе жатқан еді. Ауыл іргесіне таянғанда, бір топ бала доп қуып жатыр екен. Мұны көрген Құтыршақ ойнақ салып оларға жетіп барып еді, балалар у-шу боп, тым-тырақай жан-жаққа қашты.

– Әй, мынау қайтеді? Пышаққа ілінгісі кеп жүрме-ей, мынаның! – деп, таяғын шошайтты бір кәрі шал.

–Қайт! – деп, енесі мөңіреді.

Кімге тиісерін білмеген Құтыршақ қасында тұрған сары бұзауды шаңқ еткізіп бір мүйізdedі де кері қайтты.

Сол-ақ екен, жәй келе жатқан паданың алдынан едіреңдеген екі өгізше шыға келді де, бір-бірімен табан тіресіп тұра қалды. Ұрынарға қара таппай тұрған құтыршаққа да осы керек. Оларға бір тұстан барып килікті де, екеуіне екі соққы беріп, екеуін екі жаққа тырқырата қуды.

–Қой, ақымақ болма, – деді ала Сиыр оған қатқылдау мөңіреп. – Өзге жұртта ісің не? Қане қасыма кел!

Содан Құтыршақ біраз уақыт тып-тыныш енесінің қасында келе жатқан. Кенет бір бүйірде у-шу боп топтанып тұрған бес-алты ересек баланы көрді. Бәрі бір-бірімен сартта-сұрт сүзгілесіп жатқан екі жас қошқарды тамашалап тұр екен. Мұндайды көрген Құтыршақ қалай шыдап тұра алсын. Бірер ойқастап қастарына жетіп барды да, келе жас қошқардың бірін мүйізімен бір қағып жалпасынан түсірді. Одан соң кейін қарай шегіне түскен екінші қошқарды межеге ап, пысқырынып, басын тұқырта беріп еді, жас қошқар оқша атылып кеп басымен қақ маңдайдан ондырмай соққы берді. Мұндай соққыны күтпеген Құтыршақ ес-түссіз омақаса құлап түсті.

–Өлді...өлді! – деп, балалар шуласты.

Үдере жүгірген көппен бірге ала Сиыр да сүзеген тентегіне қарай бармақ еді, бірақ адамдар жолатпады. Адамдар ала Сиырды қуып;

– Әй, мына сүзеген пәле шынымен-ақ өлген бе? – деп, Құтыршақты ары-бері қозғата бастады. Құтыршақ біраздан соң барып басын көтерді. Айналаға үрейлене бір қарап, тұрмақ болып ұмтылып еді, тұра алмады. Ақыры жиналған жұрт қаумалап тұрғызды да; – Бар сотқар неме, енеңе бар. Бұл енді өзіңе де жақсы сабақ болған шығар – деп, жон арқадан жас шыбықпен тартып-тартып жіберді. Қайқаң ете түскен Құтыршақ тәлтіректеп енесінің қасына келді.

–Әне, тентегім көрдің бе? Бұл әлемде сенен де асқан мықтылар көп, абай бол, – дегендей енесі мойнын созып бір мөңіреп алды да, Құтыршағының үсті басын емірене жалай бастады.

Ақ көбелек

Есік алдында үлкен өрік ағашы бар еді. Оның асты қашанда қою көлеңке болып, бұл үйдің балалары осы өрік көлеңкесінде ойнайтын. Ол жерде ылғи үлкен алаша жайылып, оның үстінде көрпеше және ас ішетін аласа стол тұратын.

Бүгін де күн түстікке таянып қалған кез еді. Мектептен келетін балаларына түскі ас әзірлеп жүрген апасы екі жасар Айнашты осы көлеңкеге әкелді де, алдына екі-үш ойыншық қойып; – Міне осы жерде отыр, еш жаққа шығып кетпе! – деп, өзі ас үйге кіріп кетті.

Айнаш қуыршағының шашын тарап, оған былдырлап бірдеңелерді айтып отырған. Кенет үлкен бір ақ көбелек қанатын жалп-жалп қағып келіп, мұның тап алдындағы аласа столға қона кетті. Қанаттарының ұшында тарыдай-тарыдай теңбіл меңі бар, көздері тостағандай үп-үлкен көбелек екен. – Әй, сен кімсің? – дегендей, әдемі қанаттарын бір қағып, бір түсіріп Айнашқа қарсы қарап, тапжылмай тұра қалыпты. Қызығып кеткен Айнаш оны ұстап алмақ боп қол созды. Сол-ақ екен, көбелек лып етіп ұшты да анадай жерде тұрған раушан гүл шоғына қарай кетті. Раушан гүл шоғы үсті де әрдайым неше түрлі көбелектерге толы болатын. Ақ көбелек енді соларға қосылып, қанатын жалп-жалп қағып, айқұш-ұйқыш ауаны кескілей бастады. Бұлардан бір сәт көз алмай тұрған Айнаш, кенет, орнынан тұрды да аяғын апыл-тапыл басып кеп осы көбелектерді қызықтай бастады. Көп өтпей-ақ көбелек гүлге қонды. Қуанып кеткен Айнаш оны ұстамақ боп тағы ұмтылды. Бірақ әккі көбелек бұған оңай ұстатсын ба? Лып етіп көтерілген бойы ары-бері ұшып жүріп таяқ тастам жердегі екінші гүл шоғына өтті. Оны қалайда ұстап алсам деген Айнаш аяғын тап-түп басып, бұл гүл шоғына да жетті. Мұнда да ақ, сары, қызыл көбелектер көп екен. Бәрінен де ерек әлгі әдемі ақ көбелек биіктеу бір гүл бұтағында отыр. «Бәрібір мені ұстай алмайсың» дегендей қанаттарын еріне қағып-қағып қояды. Асыға жеткен Айнаш екі қолын бірдей соза ұмтылды. Бірден жалт көтерілген көбелек тағы да ұстатпады. Қорғанның етек жағы жүзім, алма аралас өскен шағын бау болатын. Әккі көбелек жоғары-төмен ұшып жүріп енді сол жаққа қарай бір-ақ тартты. Қалайда оны ұстап алсам деген Айнаш көбелек соңына тағы түсті. Бірақ бұл жақта жүру оңай емес екен. Мұндағы шөптер тым биік өсіпті. Оның үстіне шұбатылған жүзім сабақтары аяққа оратылып болар емес. Айнаш аяғын абайлап басып ақыры бау ішіне де жетті. Келе, бұта-бұтаны сығалап ақ көбелекті іздеді. Қас қылғанда ақ көбелек бұл жерде болмай шықты.

– Міне, қызық! Ақ көбелек қайда кеткен?

Айнаш аяғын бір-екі қадам алға баса бергені сол, кенет, бір ала торғай мұны шоқып алардай «шаж!» етіп дәл төбесіне келді де, жалт бұрылып кері ұшты.

Қатты қорқып кеткен Айнаш шегінемін деп, шөпке шалынып, шалқалай

кеп құлап түсті. Одан сайын зәресі ұшқан Айнаш бақырып жылап жіберді. Сол-ақ екен, жүзім бұтақтарын қақ жарып, тілі салақтап дәу төбет шыға келді. Өздерінің Құтжолы екен.

–Неге жыладың Айнаш? – дегендей, Құтжол оған басын төңкере бірер қарап алды да, иіскелеп, бет-аузын жалай бастады. Мұны көрген Айнаш тез жұбанып, иттің басын құшақтады. Қыздың көңілденгенін көрген ақылды ит қалың шөпке созылып жата кетті.



Енді Айнаш алаңсыз иттің көзін, құлағын шұқылап ойнай бастады. Күн аса ыстық болатын. Дем қайтарған ысыдан ит кеудесі бір көтеріліп, бір түседі. Оны қызық көрген Айнаш иттің кеудесіне басын қойып, тың тындады. Ит кеудесінің сыр-сыр еткен дыбысы Айнашқа қызық көрінді. Көп ұзамай, ит денесінің ыстығы бойын балқытты ма, Айнаш сол жатқан бойы пысылдап ұйықтап қалды.

Бұл кезде анасы балаларына түскі ас дайындап бола берген. – Әй, Зибаш, үйдемісің? – деп көрші әйел келді. – Қызыма көйлек тігіп жатыр едім, мына бір тұсын көрсетіп жіберші, тіпті ақылым жетпей басым қатты.

– Мен қазір, – деген Айнаштың апасы қазан астындағы газды пәсейтті. Одан, – қане ішке барайық, – деп, көрші әйелді ішкі бөлмеге алып кетті. Содан екеуі қажық-құжық әңгімемен біраз отырып қалған екен. Мектептен балалары келді.

– Ойбұй! Менің тамағым не болды? – деген апасы орнынан тұрды. Рахмет! – деген көрші әйел де асығып үйіне кетті.

– Апа, Айнаш қайда? – деді мектептен келген үлкен қызы Салтанат.
– Әй, далада ойнап отыр еді ғой.
– Онда жоқ, – деді Салтанат.
– Қой әрі, – деді шошынған апасы. – Өрік астындағы көлеңкеде отырған, бір жерде жүрген шығар.

Содан үшеуі далаға шығып ал кеп іздесін. Айнаш еш жерде жоқ.

– Мүмкін, қақпадан шығып көршілерге өтіп кетті ме екен? – деген апасы балаларын көрші үйлерге жүгіртті. Айнаш ол жақта да жоқ болып шықты.

– Мәссаған! – деп, зәресі ұшқан апасы енді, – Айнаш, Айнаш! – деп дауыстап шарбақты шыр айнала іздей бастады.

– Құтжол да көрінбейді ғой, – деді үлкен ұлы Самат. Сөйтті де ол:

– Құтжол, Құтжол! – деп итін шақыра бастады.

Жүзімдік арасынан «әуп-әуп» үрген иттің даусы шықты. Бірақ ит келмеді.

Әншейінде, атын атаса болды жетіп келетін итін, неге келмей жатыр, – деп ойлаған Самат, ит жатқан жерге өзі келді. Келсе қызық... Қалың шөп үстінде көсіліп Құтжол жатыр да, ал оның үстіне басын қойып Айнаш қаннен қаперсіз ұйқыны соғып жатыр. Ал Құтжол болса қыз ұйқысын бұзбайын дегендей сол жатқан орнынан тіпті де қозғалар емес.

– Апа, мына қызықты қараңыз! – деді Самат апасына дауыстап.

– Айнашыңыз мұнда жатыр.

– Е құдай, бар екенсің ғой! – деп көңілі орнына түскен апасы асыға басып келіп, ит үстіне басын қойып тәтті ұйқыда жатқан қызын көріп күліп жіберді.

– Әй ақымақ! Біздің зәремізді ұшырып бұл жатысың не жатыс-ей, сенің!

Апасы айналып–толғанып Айнашты көтеріп үйге қарай алып кетті.

– Ал енді, маған не бермекші едіңдер? – дегендей Құтжол да бұлардыңсоңдарынан ере берді.

Бозторғай (әңгіме)

Ақай қарт екі немересін ертіп есек арбамен қырға шөп шабуға шыққан еді. Мамыр айының соңы, күн енді көтеріліп келе жатқан ертеңгі шақ. Биыл бітік шыққан дала шөбінің хош иісі мұрын жарады. Кенет жер бауырлап, бөлекше бейжай шырылдап тұрған бозторғай үні арбадағыларды елең еткізді. Бозторғай байғұс неге де бірде жерге таяй түсіп, бірде қайта көтеріліп шыр-шыр етеді.

– Ата, ананы қараңыз...Бозторғайды жылан арбап тұр – деді немересінің үлкені Ерік бозторғай жаққа қолын шошайтып.

– Әне, әне! Жылан бері қарай келеді. Алашұбар жылан жоғары шапшып-шапшып қояды, ата, – деді кіші немересі Серік оны қоштай түсіп.

Ақай қарт делбені тартып есекті тоқтатты. Сөйтіп үшеуі жылан мен бозторғайдың арбасуын тамшалап біраз тұрды. Аздан соң шыр-пыр болған бозторғай бірте-бірте бұл арадан ұзай бастады.

– Ата, жыландар бозторғайды қалай арбайды? – деп сұрады Серік атасынан.

– Жоқ, балам. Жаңа өздерің көрдіңдер, бозторғайды жылан арбап тұрған жоқ, қайта бозторғай жыланды арбап, өз ұясынан алысқа алып кетпекші. Осы жақын маңда бозторғайдың ұясы болуы керек, мүмкін балапандары бар шығар. Бұл байғұс бозторғайдың озбыр жыланды алдаусыратып, ұядан әрі алып кету амалы ғой.

– Міне қызық! – деп Ерік ойланып қалды.

– Ата, ұяны тауып бозторғай балапандарын көрейікші, – деді Серік.

– Көрсендер көріңдер, – деді Ақай қарт, – бірақ көп тұрмаймыз. Күн қатты қызып кетпей, үйге қайтуымыз керек.

Екі бала арбадан секіріп түсіп, ұяны іздей бастады. Көп өтпей-ақ ұя табылды. Бозторғай ұяны бір шоқ қурай мен жантақ аралас қалыңға салған екен.



– Таптық, Ата! Ұяда бес жұмыртқа жатыр, – деді Серік дауыстап.

– Жұмыртқаға тимеңдер! – деді атасы. – Балапандар жұмыртқаны әлі жарып шықпаған екен ғой. Қане көріп болсаңдар кеттік.

– Әне, көрдіңдер ме? – деді Ақай қарт арбада келе жатып. – Құс екеш құс та балапандарын қалай қорғайды. Сөйтіп жүріп кейде бұл байғұстардың жыланға өздері опат болып қалатын кездері де аз болмайды. Ана байғұс

әрқашанда осы. Сендер де бала деп жанын отқа да, суға да салып жүрген ана қадірін ешқашан ұмытпауларың керек, қарақтарым.

Ойланып қалған екі бала бастарын үнсіз изесіп, бір-біріне қарасты.

Құдайдың жәндігі

Аула ішіндегі асхана дуалының дәл жанында құмырсқаның илеуі бар болатын. Бірін-бірі қуысып ойнап жүрген Азамат пен Дидар оның қасына келіп тұра қалды. Ал құмырсқалар болса ештеңемен ісі жоқ, бір-бір бидайық дәнін тістеп алып илеуіне тасып әлек. Кенет не ой келгенін қайдам Дидар жерден бір қураған шыбық тауып алды да құмырсқа илеуінің үстінен ары-бері бір сыдыртып өтті. Опыр-топыр болған құмырсқалар жан-жаққа бытырай қашты.

– Әй, не істеп жатсыңдар? – деген атасының даусынан Дидар селк етті. Қолыңда қол орақ пен бір уыс шөбі бар атасы анадайдан дауыстап келеді екен.


– Тимеңдер оларға! Олар да құдайдың тіршілігі. Нағыз еңбекқор, ақылды жәндіктер.

– Ата, олар менің аяғыма жабысты, – деді төрт жасар Дидар.

– Ал, сен кейін тұр. Олар өздігінен ешкімге тиіспейді, – деді атасы.

– Міне, осылай кейін тұр да олардың не істеп жатқанын қызықтай бер.

Ал Дидарға қарағанда сәл ересек Азамат ойлана қалды. – Құдайдың жәндігі дейді? Кеше де осылай болған. Азамат малқора дуалы мен оған жақын тұрған өрік бұтағының арасына өрілген үлкен өрмекші торын көріп тоқтай қалған. Кішкене сары өрмекші зыр жүгіріп тор тоқып жатыр екен.



Азамат жақын тұрған қара талдан бір ұзынша шыбық сындырып алып, енді өрмекші торын түрткілей бастап еді. – Ей, тоқта балам! – деді мұны байқап қалған атасы, – тиме оған. Ол да құдайдың жаратқан бір жәндігі. Ол бұл торды ерікпенен тоқып жатқан жоқ. Білесің бе, бұл торды оның не үшін тоқып жатқанын?

– Жоқ, білмеймін! – деген Азамат.

– Білмесең біліп ал, ол бұл торды шыбын-шіркейді ұстау үшін тоқып жатыр. Өрмекші соларды қорек етеді. Ал сен одан да бұл торды қалай тоқып жатқанын қызықта. Олар өздері титімдей болса да бұл торды ерінбей, жалықпай сағаттап тоқиды. Және қандай шеберлікпен тоқиды десеңші. Сондағысы бір азық үшін. Ал сен болсаң оны бір сәтте бұзып тастамақсың.

Мұның жарамайды балам, қайта осы жәндіктерге қарап сендер еңбек етуді, өмірді үйренулерің керек! – деген болатын. Бүгін міне құмырсақаға да тиме дейді.

Азамат атасына таңырқана қарады.

– Алғ сендер бұларды қанша сағат жұмыс істейді деп ойлайсыңдар? – деді атасы тағы да.

– Бес сағат, – деді Азамат ойланбастан.

– Бес сағат емес, – деді атасы күліп. – Таңның атысы мен күннің батысы бұл байғұстар бір тынбайды. Сонда неге дейсіңдер ғой. Бұларда да қартайған әке-шеше бар, мына сендерге ұқсаған топ-томпақ ботақан балалары бар. Солар үшін бұлар тынбай азық тасиды. Сондықтан да жұрт бұларды ең ақылды жәндік дейді.

– Сонда бұлар бізден де ақылды ма, ата? – деді ойына әлдене түскен Азамат.

– Өзің ойла, – деді атасы, – қалжасына қарасаң бұлар сенің тырнағына да татымайтын тіршілік иесі. Сөйте тұра бір кісідей бірігіп тірлік жасайды. Ұрыспайды, таласпайды. Қыстық азығын жазда жинайды. Адам екеш адам да кейде дәл осылардай бола алмайды. Енді өзің айтшы, бұлар ақылды ма, жоқ ақылды емес пе?

– Ақылды, – деді Азамат.

– Міне енді мұның дұрыс! – деді атасы. Сондықтан да бұл жәндіктерге беталды тиіспеңдер. Бұларды да құдай жаратқан. Мына бізді қалай қиналып жаратса, бұларды да солай қиналып жаратқан. Бұлардың да мына біз сияқты өмір сүргісі келеді. Мына жарық дүниенің қызығын көргісі келеді... Түсіндіңдер ме?

– Түсіндік, – деді Азамат.

Ал Дидар: – Атағ мен құмырсақаға тимеймін, – деді. – Мен де құмырсақаға ұқсаған ақылды боламын.

– О, менің ботақаным қандай ақылды, құмырсақадан да ақылды, – деген атасы қарқ-қарқ күліп, немересін құшағына ап сүйе берді.

Мазмұны

Емші Тасбақа	4
Көпір.....	7
Борсық пен үйрек.....	8
Екі бала немесе қайырымдылық	10
Құтыршақ	13
Ақ көбелек	15
Бозторғай.....	17
Құдайдың жәндігі.....	19

